

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің  
жанындағы «6D010300 – Педагогика және психология», «6D010700-  
Бейнелеу өнері және сызу» мамандықтары бойынша мамандықтары  
бойынша Диссертациялық Кеңестің жұмысы туралы**

**ЕСЕБІ**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 28 қыркүйегіндегі №512 бұйрығымен бекітілген «Диссертациялық кеңес туралы үлгі ереже» бойынша Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті ерекше мәртебесі бар жоғары оқу орны статусына ие болуына байланысты диссертациялық кеңестер дербес құрылды. Соған сәйкес «6D010300 – Педагогика және психология», «6D010700-Бейнелеу өнері және сызу» мамандықтары бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру үшін диссертацияларды қорғау жөніндегі Диссертациялық Кеңес Абай атындағы ҚазҰПУ ректорының №04-02-02-02/42 бұйрығымен 2019 жылы мамыр айының 15 күні құрылып, төрағасы педагогика ғылымдарының докторы, профессор Әлмұхамбетов Берікжан Айтқұлұлы болып бекітілді.

Диссертациялық кеңеске *6D010300 – Педагогика және психология, 6D010700– Бейнелеу өнері және сызу* мамандықтары бойынша қорғату үшін диссертацияларды қабылдауға рұқсат берілген.

Аталған кеңестің жалпы құрамы 10 адам. Соның ішінде 6-уы «6D010300 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша, 4-уі, 6D010700-Бейнелеу өнері және сызу» мамандығы бойынша.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 2019 жылы қабылданған Диссертациялық кеңес туралы ережесіне сай Диссертациялық Кеңес құрамына екі шетелдік ғалым: Димитър Веселинов (София университетінің, Кәсіптік оқыту педагогикасының Хабилитирлі ғылым докторы) 6D010700- Бейнелеу өнері және сызу мамандығы бойынша; Таргомадзе Виллия Элизбаровна (Вильнюс университетінің Ғылым, инновация және технология агенттігінің сарапшысы) 6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша енгізілді.

**1.Өткізілген отырыстардың саны туралы деректер**

2019 жылы «6D010300 – Педагогика және психология», «6D010700-Бейнелеу өнері және сызу» мамандықтары бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру үшін диссертацияларды қорғау жөніндегі Диссертациялық Кеңестің 4 мәжілісі өткізілді. Төртеуі де *6D010300 –Педагогика және психология* мамандығы бойынша диссертация қорғалды.

Соның ішінде, 3-жұмыс Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде, 1- жұмыс Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде орындалған.

4-диссертациялық жұмыс та қазақ тілінде орындалған. Қорғау барысында докторанттар презентациялар дайындап, өздерінің сөздерін ана тілінде баяндады.

2019 жылы өткізілген Диссертациялық Кеңес отырысына барлық мүшелері толық қатысты, соның ішінде 29 қарашада өткен Кеңес отырысын 10 мүшенің біреуі (Димитър Веселинов (София университетінің, Кәсіптік оқыту педагогикасының Хабилитирлі ғылым докторы) онлайн қатысса, 30 желтоқсанда өткен Диссертациялық Кеңес отырысына екі шетелдік мүше (Димитър Веселинов (София университетінің, Кәсіптік оқыту педагогикасының Хабилитирлі ғылым докторы) 6D010700- Бейнелеу өнері және сызу мамандығы бойынша; Таргомадзе Виллия Элизбаровна (Вильнюс университетінің Ғылым, инновация және технология агенттігінің сарапшысы) онлайн түрде қатысты.

## **2. Оқу орны көрсетілген докторанттың тізімі**

Қорғау мерзімі мен олардың саны диссертациялық кеңестің Ережелеріне сай анықталып мына уақыттарда өтті:

1. Сманова Алуа Арыстановна – 29 қараша, сағат 14.00
2. Нишанбаева Сабира Зетбековна – 29 желтоқсан сағат 16.00
3. Мутанова Динара Юлдашбаевна – 30 желтоқсан сағат 14.00
4. Ережепов Талғат Тілеулесұлы – 30 желтоқсан сағат 16.00

Диссертациялық жұмыстардың тақырыптары көрсетілген мамандықтардың дамыту бағыттарымен, республикадағы білім беру жүйесінің ұлттық мемлекеттік бағдарламасының дамуымен сәйкес келеді және практикалық бағыттылығы бар.

**1. Сманова Алуа Арыстановна.** Диссертация тақырыбы: «Кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқытудың дамуы (Германия және Қазақстан тәжірибесі)» 6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған.

### **Ғылыми кеңесшілер:**

**Абдигапбарова Улжаркын Муслимовна** – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан.

**Рахкошкин Анатолий** – доктор, профессор Эрланген-Нюрнберг университеті, Германия.

### **Рецензенттер:**

**Жайтапова Алтынай Альбековна** – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Абылайхан атындағы Қазақ Халықаралық қатынастар және әлем тілдер университеті, Алматы қ. Қазақстан (мамандық шифры 13.00.08).

**Нуржанбаева Жанат Оралбайқызы** – PhD доктор, Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, Шымкент қ., Қазақстан (мамандық шифры 6D012000).

Диссертациялық жұмыс Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде орындалған. Қорғау тілі – қазақша.

### **Зерттеу тақырыбының көкейтестілігі.**

Қазіргі уақытта Қазақстанның әлемдегі озық отыз елдің алдыңғы қатарынан орын алуын қажет ететін стратегиялық міндеттер мен бәсекеге қабілетті білікті мамандар даярлау талаптары да ең озық шет елдің тәжірибесін тиімді пайдаланудың қажеттілігін арттырып отыр.

Тұжырымдамалық тұрғыдан бұл, салыстырмалы педагогиканың ықпалымен іске асыруда отандық және шет елдік кәсіптік мектептердің негізіндегі теориялық зерттеулердің, олардағы тарихи және болжамды шарттарды дамыта отырып қарастырудың қажеттілігін туындатады. Оған қоса алдыңғы қатарлы мемлекеттердің білім беру тәжірибесін зерттеу, өз еліңнің білім беру мен тәрбиелеу жүйесіне қажетті қолайлы педагогикалық инновацияны ендіруге, соның ішінде кәсіби білім беру саласының да сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Болашақ мамандардың, соның ішінде педагог кадрлардың жоғары білім алу барысында келешектегі кәсіби қызметіне практикалық бағдарлы даярлануын, яғни практикалық дайындығын күшейту қажеттілігін арттырады.

Әрине, барлық уақытта да болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлауда педагогикалық жоғары оқу орындары өз студенттерінің практикадан өтетін білім беру ұйымдарымен серіктестікте болғаны ақиқат. Алайда, тек қана педагогикалық практика кезеңінде-ақ мектеп, колледждермен әрекеттестікке түсетін өзара байланыс болашақ педагогтың біртұтас іске асырылуға қажетті практикалық даярлығының бөлек бір құрамдарын ғана қамтиды. Осыған байланысты педагогикалық білім беруде теориялық даярлығы мен практикалық даярлығы оқу орнында және өндірісте, яғни біздің жағдайымызда бала бақшаларда, мектептер мен колледждерде қатар жүруді жүзеге асыратын *дуальді оқыту* өзекті болып табылады.

Бүгінгі таңда Қазақстанда дуальді оқыту орта білімнен кейінгі техникалық және кәсіптік білім беру (ТЖКББ) ұйымдарында табысты жүзеге асырылып келеді. Осы тәжірибе дуальді оқытуды ендірудің теория мен практика арасындағы алшақтықты жоятындығын; білім алушының оқу мен жұмысқа практикалық дағдысын игеру түрткісін жоғарылататындығын, мекеме басшысының өзінің қызметкерін практикалық оқытуға қызығушылығы болатындығын және т.б. көрсетті.

Дейтұрғанмен, Қазақстанда дуальді педагогикалық білім беру – игерілмей жатқан «тың» болып табылады. Оны игеру үшін әр түрлі деңгейдегі білім беру ұйымдарының басшылары мен ғалымдарының, педагог-практиктерінің аса жауапты да көп еңбекті талап ететін біргеліктегі жұмысының қажеттілігі артады.

Сондай-ақ, әсіресе дуальді оқытуды педагогикалық білім беруге ендіру үшін алдымен оның теориялық-әдіснамалық негіздерін жасаудың қажет екендігі анық. Осы тұрғыдан бірінші кезекте дуальді оқытудың отаны саналатын Германиядағы кәсіптік білім берудегі дуальді оқытудың дамуы мен Қазақстандағы орта арнайы кәсіптік техникалық білім беруге дуальді оқытудың ендірілуі тәжірибесін зерттеудің қажеттілігі арта түсуде.

### **Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық мәнділігі**

1. Германия мен Қазақстанның кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқыту дамуының тарихи-экономикалық, әлеуметтік-педагогикалық алғышарттары айқындалды

2. Халықтың қолөнер кәсіпшілігіне үйрету жүйесі дуальді оқытудың бастау көздері тұрғысынан негізделді

3. Кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқытудың мәні мен ерекшеліктері анықталды

4. Германия мен Қазақстанның кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқытудың дидактикалық негіздері айқындалды

5. Германияның болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау жүйесіндегі дуальді оқыту элементтері анықталды және оларды Қазақстанда жоғары педагогикалық білім беруде пайдалану бойынша ғылыми-әдістемелік ұсыныстар әзірленді.

#### **Зерттеудің практикалық маңыздылығы**

- «Кәсіби білім беру жүйесінде дуальді-бағдарлық оқытудың ғылыми негіздері» атты оқу-әдістемелік құралы;

- «Кәсіби білім беру жүйесінде дуальді-бағдарлық оқытудың ғылыми негіздері» атты оқу-әдістемелік құралына авторлық куәлік;

- Қазақстанның болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау үдерісіне дуальді оқыту элементтерін ендіруге ғылыми-әдістемелік ұсыныстар

Сманова Алуа Арыстановнаның диссертациялық зерттеу барысында алынған нәтижелер мен жасалған нақты ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды, зерттеудің материалдарын жалпы білім беретін мектептердің, гимназия мен лицейлердің жоғары сатысында, колледждердің тәжірибесінде, жоғары педагогикалық оқу орындарында, педагог мамандардың біліктілігін жетілдіру және қайта даярлау жүйесінде пайдалануға болады.

**2. Нишанбаева Сабира Зетбековна.** Диссертация тақырыбы: «Педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру» «6D010300 - Педагогика және психология» мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған.

#### **Ғылыми кеңесшілер:**

**Абсатова Марфуға Абсатовна** – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан.

**Мехмет Гючлю** – PhD доктор, профессор Гази университеті, Анкара қ., Түркия мемлекеті.

**Диссертациялық жұмыс** Абай атындағы ҚазҰПУ-де орындалған. Қорғау тілі – қазақша.

#### **Рецензенттері:**

**Мухтарова Шакира Мұқашқызы** – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (мамандық шифры 13.00.01).

**Қоңырбаева Сараш Сахиқызы** – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті (мамандық шифры 13.00.01).

**Зерттеу тақырыбының көкейтестілігі.** «Қазақстан 2020: болашаққа жол» атты Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасында: «Қазақстанда отбасы әрқашан әлеуметтің аса маңызды құраушы элементі ретінде қарастырылып келеді. Ол қоғам болмысының, мемлекеттің негізі, адалдық, адамгершілік және рухани

үйлесім жүйесіндегі маңызды буын болып табылады»; «...Өзі және өз жақындары үшін әлеуметтік жауапкершілік сезімін қалыптастыру отбасындағы тәрбиеден бастау ала отырып, жастар саясаты мәселелерінде негіз болуы қажет. Өмірдің құндылығы, қауіпсіздігі және оны жалғастыру отбасымен тікелей байланысты» - делінген.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында тәрбиелеу білім беру жүйесінде жүзеге асырылатын, жалпы адамгершілік құндылықтары негізінде білім алушылардың рухын дамыту үшін жағдай жасауға, олардың өмірлік өзін-өзі билеуіне, азаматтық және кәсіптік тұрғыдан құндылықтарының қалыптасуына көмек көрсетуге, жеке адамның өзін-өзі жетілдіру үшін жағдай жасауға бағдарланған нысаналы қызмет ретінде қарастырылады. Мұндағы қызметтер өз кезегінде білім алушыларды азаматтыққа, адамгершілік құндылықтарға бай етіп қалыптастыруды қоғам алдында міндеттеп отыр.

Айтылған тұжырымды ойлар қоғамдық және отбасылық тұрғыдан нақты қадамдар жасаудың, соған сай іс-шараларды қарастырудың қажеттілігін көрсетіп, Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарын (бірінші кезең 2017-2019 жылдар) бекіту туралы Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы №384 Жарлығын іске асыру мақсатындағы қаулысында: «Отбасы институтын нығайтуға, отбасылық құндылықтарды ілгерілетуге, репродуктивті денсаулықты нығайтуға, сондай-ақ, гендерлік теңдікті ілгерілетуге бағытталған әлеуметтік жобаларды іске асыру» бағытын ұйымдастыру педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру мәселесінің өзектілігін айқындай түседі.

#### **Зерттеудің теориялық маңызымен ғылыми жаңалығы:**

1. Педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері анықталды.

2. «Отбасы-адамгершілік құндылықтары» ұғымының мәні нақтыланды және құрылымы айқындалды.

3. Педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың құрылымдық - функционалдық моделі жасалып, өлшемдері мен көрсеткіштері және деңгейлері айқындалды.

4. Педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың әдістемесі жасалды, әдістеменің тиімділігі тексерілді және ғылыми-әдістемелік ұсыныстар дайындалды.

**Зерттеудің практикалық мәні:** педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру әдістемесі құрастырылды және тәжірибе жүзінде оның тиімділігі тексерілді. Олар:

- «Қазіргі заманғы отбасының құндылықтары» атты элективті курс бағдарламасы әзірленді.

- «Отбасылық өмірге дайындаудағы психологиялық тренингтер» топтамасы даярланды.

-«Студенттердің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру негіздері» атты оқу-әдістемелік құралы дайындалды.

**Нишанбаева Сабира Зетбековнаның** қол жеткізген ғылыми нәтижелерін жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие үдерісінде студенттердің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру бағытында қолдануға болады.

**3. Мутанова Динара Юлдашбаевна.** Диссертация тақырыбы: «Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің коммуникативтік мәдениетін дамыту» 6D010300 - Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған.

**Ғылыми кеңесшілері:**

**Камалбек Мейірбекович Беркимбаев** – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қаласы, Қазақстан Республикасы;

**Ниязова Гүлжан Жолаушиевна** - педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қаласы, Қазақстан Республикасы;

**Гриншкун Вадим Валерьевич** – педагогика ғылымдарының докторы, профессор «Мәскеу қалалық педагогикалық университеті», Мәскеу қ., Ресей.

**Ресми рецензенттер:**

**Таубаева Шәркүл Таубаевна** – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Педагогика және білім беру менеджменті» кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының докторы (мамандық шифры - 13.00.01).

**Тектибаева Диана Джумабаевна** – PhD доктор, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті (Мамандық шифры -6D010300).

**Диссертациялық жұмыс** Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде орындалған.

**Зерттеу тақырыбының көкейтестілігі.** Білім беруді дамытудың басты мақсаттары мен міндеттері Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында тұжырымдалған, олар: «білім берудің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, азаматтардың материалдық және рухани әл-ауқатын жақсарту үшін адами капиталды дамыту, баршаға сапалы білімге қол жеткізуді қамтамасыз ету жолымен экономиканың тұрақты өсуі».

Адам капиталы елдің табысты дамуының басты факторы болып табылады. Бүгін Қазақстан білім беруді жаңғыртудың соңғы кезеңіне қол жетімділіктің әлемдік үрдістері аясында, білім беру мазмұнының сапасын арттыру, инфрақұрылым мен материалдық-техникалық базаны жақсарту, техникалық жарақтану, жоғары білімді зияткерлік ұлт құру мақсатында жаңа технологияларды енгізу арқылы кірді. Қазақстанда білім беруді жаңғыртудың табыстылығы ЮНЕСКО-ның білім беру мониторингі бойынша баяндамасында танылды.

Жаңа мыңжылдықта қарқынды интеграциялық үдерістер жағдайында қазіргі әлемде көп өлшемді мәдениетаралық санаға ие, қазіргі заманғы өркениеттің жаһандық мәселелеріне өзіндік кәсіби тұлғалық көзқарай қалыптасқан, мәдени кеңістіктің сан алуандығын сезінуге қабілетті кәсіби педагогикалық элитаны қалыптастырумен байланысты мәселелер мен міндеттер кешені тұр.

Бұл мәселені шешуде біз жалпы әлемдік үрдістерге, білім беру жүйесіне өзгерістер енгізу қажеттілігін негіздейтін халықаралық сапа стандарттарын негізге аламыз. Олардың ішінде негізгі және неғұрлым айқын-постиндустриялық ақпараттық қоғамға көшу, мәдениетаралық өзара іс-қимыл ауқымын айтарлықтай кеңейту, бұл коммуникабельділік пен төзімділік сияқты қасиеттердің болуын талап етеді.

Коммуникабельділік қарым-қатынас жасау және серіктесті қарым-қатынасқа тарту, сұхбаттасушының мінез-құлқын болжау және осыған байланысты қарым-қатынас траекториясын құру, қажетті ақпарат алу білімдерімен байланысты түсініледі. Қазіргі кезеңде білікті, бәсекеге қабілетті, дербестік, шығармашылық және педагогикалық саладағы жоғары адамгершілік көрініс табатын болашақ ағылшын тілі мұғалімінен мәдениаралық кәсіби-бағытталған қарым-қатынас нормаларын меңгеру және жаңа білім беру контекстінде бейімделу қажеттілігіне негіз болатын коммуникативтік мәдениетін дамыту маңызды болып табылады.

#### **Ғылыми жаңалығы және теориялық мәнділігі:**

- болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің коммуникативтік мәдениетін дамытудың ғылыми-практикалық алғышарттары анықталды;
- болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің коммуникативтік мәдениетін дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері анықталды;
- болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің коммуникативтік мәдениетін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды;
- болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің коммуникативтік мәдениетін дамытудың әдістемесі жасалып, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында тексерілді.

#### **Зерттеудің практикалық маңыздылығы:**

Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің коммуникативтік мәдениетін дамытуға арналған оқу-әдістемелік кешен әзірленіп, оқыту үдерісіне ендірілді: элективті курстың бағдарламасы: «Ағылшын тіліндегі шешендік өнер», «Коммуникативті мәдениет»; оқу құралдары: «English for philology specialists», «Креативті педагогика», «Let's improve our communication in English»; оқу модулі бойынша жеке сабақтар ұйымдастырылды.

**Мутанова Динара Юлдашбаевна** зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарының ағылшын тілі мұғалімін кәсіби даярлау үдерісіне, кәсіби біліктілігін жетілдіру орталықтарында, педагогикалық колледждерде, жалпы орта білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында пайдалануға болады.

**4. Ережепов Талғат Тілеулесұлы.** Диссертация тақырыбы: «**Болашақ педагогтардың денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастыру**» 6D010300 - Педагогика және психология мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған.

### **Ғылыми кеңесшілері:**

**Сангилбаев Оспан Сейдуллаұлы**- психология ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан.

**Дроботенко Юлия Борисовна** – педагогика ғылымдарының докторы, профессор Омскі мемлекеттік педагогикалық университеті, Омск қ., Ресей.

### **Ресми рецензенттері:**

**Жиенбаева Сайра Нағашыбайқызы**- педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ. Қазақстан (Мамандық шифры - 13.00.01);

**Әліпбек Ардақ Зәуірбекқызы** – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ., Қазақстан. (Мамандық шифры - 13.00.01).

**Диссертациялық жұмыс** Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде орындалған. **Қорғау тілі – қазақша.**

Еліміздің алғашқы Президентінің «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты халыққа жолдауында денсаулықты сақтауды мемлекет дамуының маңызды факторы ретінде айқындап берді. Сондай-ақ, қызметкердің денсаулығы үшін мемлекеттің, жұмыс беруші мен оның өзінің ортақ жауапкершілік алатын денсаулық сақтау жүйесін дамытудың негізгі қағидасын белгіледі.

ҚР «Білім туралы» Заңында: әрбір білім алушы мен тәрбиеленушінің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігінің бірі ретінде денсаулық сақтауды және білім беру ұйымдарында олардың денсаулығын нығайту, тән саулығын жетілдіру, салауатты өмір салтына ынталандыру жөніндегі қажетті шаралардың орындалуын қамтамасыз ету» - деп қарастырылады.

Денсаулық сақтау мәдениетінің аса қажеттілігі мен маңыздылығы басқа да мемлекеттік ресми құжаттардан айқын көрініс табады. Атап айтатын болсақ, ҚР азаматтарының денсаулығын сақтау туралы Қазақстан Республикасының Заңы (1997), ҚР мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы (2013) ҚР «Дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасы», «Қазақстан – 2020: Болашаққа жол» мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы және т.б.

Саламатты Қазақстанның ертеңі – болашақ жастардың қолында болғандықтан, олардың денсаулығын сақтау мәдениеті еліміздің сандық өсімі мен ұлттық санасын рухани жаңғыртуды анықтайды. Спортпен үнемі айналысу, ұлттық сананың рухани жаңғыруы, білімнің салтанат құруы, рухани болмысты шыңдау – осының барлығы ұрпақ денсаулығын сақтауға қызмет ететін қажетті әрекеттер. Ал мұны жүзеге асыру – жастардың денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастыру ең алдымен әлеуметтік институттар мен білім беру мекемелеріне жүктелетіні белгілі. Сондықтан, қазіргі таңда Қазақстанның жоғары білім беру мекемелеріне өзгермелі заманға тез бейімделе алатын, іскер, бәсекеге қабілетті, кәсіби мамандарды даярлау басты талап етіп қойылған.



Бүгінгі таңда болашақ педагогтардың денсаулықты сақтауын құндылықтар тұрғысынан зерттелген бірқатар еңбектер бар, алайда, біздің зерттеуіміздің өзегі – жоғары оқу орнының оқу-тәрбие үдерісінде студент-жастардың, яғни болашақ педагогтардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастыру мәселесін зерттеу қажеттігін айқындайды.

### **Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық мәні:**

1. Денсаулықты сақтау мәдениеті мәселесінің кілтті ұғымдарының мәні және тарихи-педагогикалық алғышарттары ғылыми тұрғыда негізделді;

2. Денсаулықты сақтау мәдениеті мәселесін зерттеудің әдіснамалық тұғырлары мен теориялық негіздері нақтыланды;

3. Болашақ педагогтардың денсаулықты сақтау мәдениетінің қалыптасуына әлеуметтік желілер мен заманауи ақпараттық құралдардың ықпалы айқындалды;

4. Болашақ педагогтардың денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастырудың қызметтік-үдерістік моделі даярланып және оның компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері анықталды;

5. Оқу-тәрбие үрдісінде «Денсаулықты сақтау мәдениеті – Қазақстанның рухани жаңғыру жағдайындағы ұлттық тәрбиенің тірегі» тәжірибелік жобасының мазмұны және оны жүзеге асыру жолдарының тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жүзінде тексерілді.

### **Зерттеудің практикалық мәнділігі**

- болашақ педагогтардың денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастыруда «Денсаулықты сақтау мәдениеті – Қазақстанның рухани жаңғыру жағдайындағы ұлттық тәрбиенің тірегі» тәжірибелік жобасы;

- болашақ педагогтарға және мектеп мұғалімдеріне арналған «Денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастыру технологиялары» атты танымдық үйірме;

- жоғары оқу орындарында «Педагогика және психология» мамандығын кәсіби даярлауға арналған «Денсаулықты сақтау психологиясы» атты элективті курсы;

- «Дене шынықтыру» және «Жас ерекшеліктер физиологиясы және мектеп гигиенасы» пәндері бойынша студенттердің өзіндік жұмыстары.

Ережепов Талғат Тілеулесұлының зерттеу материалдарын жоғары және арнайы оқу орындарының оқу-тәрбие үрдісінде, жалпы білім беретін мектептерде, сыныптан тыс тәрбие жұмыстарында пайдалануға болады.

### **4. Рецензенттердің жұмысын талдау (ең сапасыз пікірлердің мысалдары)**

2019 жылы Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті жанындағы **6D010300 – Педагогика және психология, 6D010700– Бейнелеу өнері және сызу** мамандықтары бойынша PhD докторы дәрежесін қорғататын Диссертациялық кеңеске өтініш берген докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына ресми рецензенттер ретінде республикадағы білікті мамандар тағайындалды. Рецензенттерді іріктеу кезінде ғылыми жетекшілер мен рецензенттердің тәуелсіздік ұстанымы басшылыққа алынды.

Рецензенттердің пікірлері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласын бақылау комитетінің талаптарына және Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің 2019 жылы бекітілген Диссертациялық кеңес туралы ережесіне сәйкес рәсілделуі қадағаланды. Оларға алдын ала рецензент болып тағайындалғандығы туралы хат жіберіліп, онда 15 күннен кешіктірмей пікір берулері қажеттігі және пікірде төмендегі жайттар кең түрде және нақты бейнеленуі керектігі ескертілген:

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

2. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі.

3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір Ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі.

4. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталатындығы.

5. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама.

6. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер.

7. Диссертацияның Ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

Қорғауға шыққан докторанттардың барлығына рецензенттер оң пікірлер берілді. Сондай-ақ рецензенттер жұмыстарды жетілдіру, дамыту бағытында өз ұсыныстарын беріп отырды. Алайда диссертациялар бойынша берілген ескертулер мен көрсетілген кемшіліктердің зерттеу еңбектерінің жалпы ғылыми-теориялық мазмұны мен практикалық нәтижелеріне нұқсан келтірмейтіні ашып көрсетілген.

Есеп беріліп отырған кезеңде Томсон Рейтер, Scopus базаларына енетін шетелдік салалық басылымдарда мақалалары жарық көріп үлгермегендіктен және ҚР БҒМ БҒСБК 3 квантил мен 25 процентилден кем болмау қажеттігі туралы талабына байланысты Абай атындағы ҚазҰПУ-нің педагогика және психология мамандығы бойынша қорғауға 11 докторант шыққан жоқ.

### ***5. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар***

1. Диссертациялық жұмыстарды қорғауға жіберіп отырған жоғары оқу орындарының басшыларының, кафедра меңгерушілері мен ғылыми жетекшілерінің диссертациялық жұмыстардың сапасы мен дайындық деңгейлері үшін жауапкершіліктерін күшейту;

2. Қорғауға докторанттарын ұсынып отырған кафедрадағы ғылыми жетекшілеріне түлектерінің Томсон Рейтер, Scopus базаларына қатысты шетелдік басылымдарда мақалаларының өз уақытында жариялануын қадағалауды күшейту, қажет болған жағдайда докторанттарға ғылыми-методикалық көмек көрсету;

3. Қоғам сұранысы мен уақыт талабына жауап беретін, нақты практикалық маңызы бар ғылыми зерттеулер жұмыстарының тақырыптарын таңдап алуын өзектендіру.

**6. Философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін қаралған диссертациялар туралы мәліметтер)**

	Мамандық 6D010300 – Педагогика және психология	Мамандық 6D010700 – Бейнелеу өнері және сызу
Қорғаудан алынып тасталған диссертациялар	-	-
Соның ішінде диссертациялық кеңес тарапынан алынып тасталған	-	-
Рецензенттердің теріс пікірлерін алған диссертациялар	-	-
Қорғаудың нәтижесі бойынша оң шешім қабылдаған	4	
Соның ішінде басқа оқу мекемелерінен	2	-
Қорғаудың нәтижесі бойынша теріс шешім қабылдаған	-	-
Соның ішінде басқа оқу мекемелерінен	-	-
Қорғалған диссертациялардың жалпы саны	4	
Соның ішінде басқа оқу мекемелерінен	2	-

Диссертациялық кеңестің  
төрағасы

Диссертациялық кеңестің  
ғалым хатшысы



Б.А. Әлмұхамбетов

Т.Н. Жундібаева